



САЙЛАУҒА – 5 КҮН ҚАЛДЫ

МЕРЕКЕ



ТӨЛ ТЕҢГЕ – ТӨРІМІЗДЕ!

ШЕРХАН МҰРТАЗА – 90



АҚИҚАТТЫҢ АЛДАСПАНЫ

ЕҢБЕК АДАМЫ



ШӘЙ САТАТЫН КЕЛІНШЕК

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

15.11.2022

Түнде:



0, +2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+6 +8 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

16.11.2022

Түнде:



0, +2 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын
(көбінесе жаңбыр).

Күндіз:



+6 +8 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын
(көбінесе жаңбыр).



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №135 (6270) 15 қараша, сейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Президент АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі
Дэниел Розенблумді қабылдады



Кездесуде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан АҚШ-пен барлық бағытта стратегиялық серіктестікті нығайтуға және кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді.

Өз кезегінде Дэниел Розенблум Қазақстан Орталық Азиядағы сенімді серіктес екенін атап өтіп, АҚШ тарапы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп жатқан реформаларын толығымен қолдайтынын мәлімдеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕРЕЖЕ

САУДА ДҮҢГІРШЕКТЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ

ережелері жыл соңына дейін әзірленеді



Қала билігі осы жылдың соңына дейін қала шегінде және қала маңындағы аймақта стационарлық емес сауда объектілерін орнату ережелерінің жобасын әзірлейді. Бұл туралы өз блогында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мәлімдеді.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚЫСҚА...

- 22-23 қарашада елордада Астана форматында Сирия бойынша жоғары деңгейдегі кезекті 19-ыншы халықаралық кездесу өтеді.
- Мемлекет басшысы Түркия Президентіне Ыстамбұлдағы жарылысқа байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.
- Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясын қайта ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды.
- Мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау ережесі бекітілді.
- 29 қараша – 3 желтоқсан аралығында Алматыда «Бастау» Х Халықаралық студенттік және дебюттік фильмдер кинофестивалі өтеді.
- ҚР ТЖМ 106 мыңнан астам отбасын өрт қауіпсіздігі бойынша есепке алды.
- Алматыда астыртын ойынхана ұйымдастырған қылмыстық топ құрықталды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

«Ақорда» резиденциясында 3 мемлекеттің төтенше және өкілетті елшілерінің Қазақстан Президентіне сенім грамоталарын тапсыру рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Америка Құрама Штаттарының елшісі Дэниел Розенблум, Сьерра-Леоне Республикасының елшісі Мұхамед Йонгаво және Молдова Республикасының елшісі Лилиан Дарий тапсырды.

Президент дипломаттарды Қазақстандағы ресми миссияларының басталуымен құттықтап, олар өздерінің кәсіби тәжірибелерімен және қажырлы еңбегімен екіжақты ынтымақтастықты дамытуға үлес қосатынына сенім білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев достық және өзара тиімді қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған бейбіт әрі ашық сыртқы саясат жүргізетінін атап өтті. Шара соңында Президент дипломаттарға табыс тілеп, олардың мемлекеттерінің басшыларына жүрекжарды сәлемін жолдады.

■ МИНИСТР

Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша кеңес өткізді.

Жиынға облыстар мен республикалық маңызы бар қала әкімдерінің орынбасарлары, ҚР ИИДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің өкілдері қатысты. Облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктерінің өкілдерімен жайлы мектептер салу үшін жер телімдерін бөлу, жобалық құжаттарын дайындау, сондай-ақ инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен, яғни электрмен, сумен, жылумен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, кәріз, кіреберіс жолдар, жаңа мектептерге тротуарлар, қоғамдық көлікпен қамтамасыз ету, аялдамалар және т.б. мәселелер қаралды. Заңнамалық тұрғыда мектеп салу мәселесі әкімдіктердің құзырында. Бірақ Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері ауқымды жобаның жүзеге асырылуын бақылауда ұстайтынын атап өтті. «Жайлы мектеп» жаңа ұлттық жобасы бойынша кемінде 800 мың оқушы орнын пайдалануға беру және апатты, ұшауысымды мектептер мен оқушы орнының тапшылығы мәселелесін шешу жоспарланған.

■ ЦИФРЛАНДЫРУ

Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру деңгейі 95%-ға жетті. Қолжетімді 45 қызметтің 43-ін электрондық форматта алуға болады.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі көрсететін қызметтерді дамыту тұрақты негізде жүргізіледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді трансформациялау және реинжинирингтеу, ақпараттық жүйелерді дамыту және интеграциялау, мүмкіндіктерге қол жеткізуді жеңілдету және қазақстандықтар үшін олардың санын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Еліміздің азаматтары әлеуметтік-еңбек саласында 45 мемлекеттік көрсетілетін қызметті ала алады, оның 43-і, яғни 95%-ы электрондық форматта қолжетімді, ал жартысын проактивті түрде алуға болады. Жалпы, цифрлық құралдардың арқасында жыл басынан бері азаматтар 15,6 млн мемлекеттік көрсетілетін қызметті немесе осы жылғы қазірге дейін көрсетілген қызметтердің жалпы санының 87%-ын алды. Біз бұл жұмысты үнемі жалғастыратын боламыз. Биылғы жылдың басынан бастап «Электрондық үкімет» порталында тағы 5 мемлекеттік көрсетілетін қызмет іске асырылды», – деді вице-министр Ербол Оспанов.

■ ПОРТАЛ

«Еңбек.кз» басты порталы, жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық платформасынан басқа, жұмыспен қамту саласындағы болашақ «қызметтер супермаркетін» құрайтын тағы 4 негізгі элементті іске асырды.

Олар: «Skills.Enbek» онлайн-оқыту алаңы, жұмыскер мен жұмыс берушінің өзара іс-қимылы кезінде қағазбастылықты барынша азайтуға мүмкіндік беретін еңбек ресурстары порталы «HR.Enbek», «Business.Enbek» – бизнес-идеяларын іске асыруға мемлекеттік гранттар алудың барлық процестерін автоматтандыру жөніндегі платформа, сондай-ақ Армения, Беларусь, Қырғызстан және Ресейдің ұлттық ақпараттық жүйелеріне қол жеткізе алатын «Шекарасыз жұмыс» бірыңғай іздеу жүйесі.

■ ЖОБА

Балалар жылы аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Арман асулары» атты әлеуметтік пилоттық жобаны қолға алды. Мақсат – Қазақстанның барлық өңірлерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар дарынды балаларға қолдау көрсету, шығармашылық бағытта дамыту.

Гала-концертке қатысқан балаларды Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев құттықтап, инклюзивті білім беру мен қоғамды дамытуда мұндай жобаның маңызы зор екенін атап өтті. Еліміздегі ерекше балалардың өнерін ұштауға бағытталған фестиваль республикамыздың әр аймағындағы дарынды жастардың басын қосады. «Өнер – адамның жанын ғана емдемейді, оның тәніне де тірек болады. Балалардың талантын ашуда мұндай алаңдар қашанда қажет. Сондықтан осы жобаны жүзеге асыруға атсалысқан азаматтардың барлығына алғыс айтамын. Сіздер балаларды бақытты, ал қоғамды мейірімді етуге үлес қосып отырсыздар», – деді Дәурен Абаев.

■ КӨРМЕ

Шанхайда өткен көрмеде қазақстандық компания 18 миллион долларға келісім-шартқа отырды.

Қытайда импорттық тауарлардың Бесінші халықаралық көрмесінде Қазақстаннан түйе сүтін өндіретін «Golden Camel» кәсіпорны Shandong huabai Trading Co., Ltd. және Shanghai Oriental TV Shopping Co., Ltd. сауда компанияларымен 2 келісім-шарт жасасты. Келісім-шарттық міндеттемелердің жалпы сомасы 18 миллион долларды құрайды. 2018 жылы кәсіпорын қуаттылығы тәулігіне 100 тонна шикізат түйе сүтін өңдейтін зауыт салды. Кептірілген түйе сүтінің алғашқы партиясы 2020 жылы Қытайға экспортталды. Сондай-ақ, көрме барысында Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы мен Қытайдың машина жасау және электронды өнімдердің импорты мен экспорты (СССМЕ) сауда-өнеркәсіп палатасы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат өндірісті дамытуға және біздің елдеріміздің нарығына жоғары технологиялық өнімдерді жеткізуге ықпал етеді.

■ ЕРЕЖЕ

САУДА ДҮНГІРШЕКТЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ

ережелері жыл соңына дейін әзірленеді

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Құжатты қалалық Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы дайындайды. Ережелер қабылданғаннан кейін оны бұзушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

– Ережені бекіте отырып, полиция қызметкерлері әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодекстің 204-бабына сәйкес заңсыз орнатылған дүңгіршектерге қатысты шаралар қабылдайтын болады, – делінген Алматы әкімінің хабарламасында.

Айта кетейік, ҚР ӘҚБтК-нің 204-бабы (Белгіленбеген орындарда сауда жасау) бойынша ес-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

керту жасау немесе 5 АЕК мөлшерінде айыппұл арқалайды, ал құқықбұзушылық бір жыл ішінде

қайталап жасалған жағдайда – 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

■ ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТЕРЕҢҚҰРДЫҢ ЖОЛЫН ТАЗАРТТЫ

Қарашаның қара суығы қарға ұласатын түрі бар. Синоптиктердің Алматының ауа райына байланысты бір аптаға арналған болжамына көз жүгіртсек, ертең, яғни сәрсенбі, 16 қарашада қар аралас жаңбыр (күндіз +3, түнде 0) жауатын көрінеді.



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Алматыда өткен аптада жауған жаңбырдың соңы қарға ұласып, таулы және тау бөктеріндегі жерлерге біраз қар түскен-ді. Жаңа жауған қар қатып, оның арты мұзға, көктайғаққа айналып, тұрғындарға кедергі келтірмеуі үшін қаланың коммуналдық қызметтері жолдарға көктайғаққа қарсы арнайы ұнтақтар сеуіп, тазалық жұмыстарын жүргізді.

Мәселен, қаланың жоғары бөлігіндегі «Теренқұр» жүргіншілер аймағы, Есентай

өзенінің жағалауларында фотосессиялар мен табиғат құбылыстарын тамашалауға арналған керемет орындар өте көп. Аймақтар қайта түрленгелі бері мұнда демалуға, таза ауамен тыныстап серуен құруға алматылықтар жиі барады.

Міне, осыны ескерген Қоршаған орта және экология басқармасы кешегі түскен қарлардың күн жылынғанда еріп, сәл суытса қатып қалып, жүргіншілерге кедергі келтірмеуі үшін Теренқұр мен Есентай өзенінің жаяу жүргіншілер жолағын қардан, жапырақтардан тазалау жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Айта кетейік, бүгінде Алматының барлық аудан әкімдіктерінде жұмыс барысын, әсіресе, қар жауған кезде бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған.

■ БРИФИНГ

СЫНЫҚТАН, ҮСІКТЕН АМАН БОЛАЙЫҚ

Алматыда травматологиялық пункттері бар 6 көпсалалы қалалық клиника жұмыс істейді. Олардың әрқайсысында дәрігерлер тек сынған емес, үсік шалған жағдайларда да кез келген уақытта көмек көрсетуге дайын. Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс травматологі Қанат Тезекбаев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте маусымаралық кезеңде және қыс мезгілінде жарақаттанудан қалай сақтану керектігі туралы айтты.

Травматологиялық пункттер №4 және №7 қалалық клиникалық ауруханаларда, қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасында, Орталық клиникалық ауруханада, Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығында орналасқан. Олар медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында тәулік бойы көмек көрсетеді.

Қанат Тезекбаев жақында болған оқиғалардың бірін айтып өтті. Тұрғылықты тұрағы жоқ ер адамның екі аяғын екінші дәрежелі үсік шалып, №4 қалалық клиникалық ауруханаға жатқызылған. Дәрігерлер оған дереу кәсіби деңгейде көмек көрсеткен. Соның нәтижесінде аяғы ампутациядан аман қалды.

Алматылық травматологтар жыл басынан бері барлығы 17 183 науқасты емдеген. Көбісі көшеде алған жарақаттарына байланысты көмек сұрап келген тұрғындар екен.

Дәрігер-маман қыс мезгіліндегі түрлі ойын-сауық пен көңіл көтеру кезінде қауіпсіздік туралы естен шығырмау керектігін де айтты. Өйткені, сондай кездерде жарақат алушылар көбейетін көрінеді.

«Тауда енді шаңғы маусымы ашылады, көктайғақ та басталады. Сондықтан спорттық та, көше жарақаттары да көбейетіні белгілі. Науқастар көбінесе тобығын, қолын шығарып келіп жатады. Қыста болатын тағы бір қауіп – үсік шалу», – дейді дәрігер.



Қанат Тезекбаев мегаполис тұрғындарына қыста, әсіресе көктайғақ кезінде маусымға сай ыңғайлы аяқкиім киюге, қала қызметі өңдеген құм себілген жаяу жүргіншілер жолымен жүруге кеңес береді.

«Ашық далада серуендеуді ұнататындар үшін шаңғы трассалары мен мұз айдындарында нұсқаушылардың ережелерін сақтауды, сондай-ақ таудан түсу кезінде өз мүмкіндіктеріңізді бағамдай білуді сұраймыз. Жарақат алған жағдайда дер кезінде медициналық мекемелерге жүгініңіздер», – деп түйіндеді сөзін дәрігер.

Нұр ЖАМАЛ.



ТУРИЗМ

ІСКЕРЛІК АЛАҢЫ

Алматы ICCA Congress-ке қатысты

Алматы алғашқы рет Польшаның Краков қаласында жыл сайын өтетін ICCA іскери Конгресіне (Халықаралық конгрестер және конференциялар ассоциациясы) қатысты. Онда Алматы қаласының әкімдігі туристік нарықтың халықаралық бизнес қоғамдастығына қатысты қаланың арнайы мүмкіндіктерін ұсынды.



«Халықаралық конгрестер мен конференциялар қауымдастығына мүшелік, бұл – біріміз үшін қызықты перспектива. Конгресс барысында 2023 жылы Алматыда бірқатар ICCA бизнес-ивенттерін өткізу туралы келіссөздер жүргізілді. Біз қаланы іскерлік іс-шараны өткізу алаңы ретінде ұсынамыз, осылайша қалаға инвестиция тартамыз. Орталық Азия хабы ретінде бізде туристердің демалысы мен іс-шараларын өткізуге өте қолайлы», – деді Алматы қаласы Туризм басқармасының өкілі.

Халықаралық сарапшылар Алматы қаласы түрлі халықаралық іскери шаралар өткізетін перспективалық MICE-дестинация екенін атап өтті.

«Конгресте біз Алматыда оқиғалар индустриясы және инсентив-туризм (imex) саласындағы ірі халықаралық маман-

дандырылған көрменің ивенттерін өткізу мүмкіндігін талқылай бастадық. Қаланың бірегей орны бар, бұл MICE туризмін дамытудың қолайлы факторы болып табылады», – деп атап өтті IMEX компаниясының сату жөніндегі аға менеджері Лиз Брэнд.

Әкімдік қаланың сапалы іскер туристерді тартуға бағытталғанын атап өтті. Келесі жылы 5000 адамды қамти отырып, кемінде 10 бизнес-ивент өткізу жоспарлануда. Еске салсақ, 1 тамыздан бастап Алматы ICCA Халықаралық конгресс және конференция қауымдастығының мүшесі болды. Оған 88 елден келген түрлі туристік ұйымдардың 950 мүшесі кіреді. Жаһандық MICE нарығы 2021 жылы 1,5 миллиард долларға жетті және өсуді жалғастыруда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕҢБЕК БИРЖАСЫ

Елімізде, оның ішінде Алматыда да жұмыссыздық тақырыбы әлі де өзекті екені жасырын емес. Сондықтан мемлекет тарапынан жұмыссыздықпен күрес мәселесі жүйелі түрде қолға алынған. Солардың ішінде Еңбек Ұлттық жобалар бойынша электрондық еңбек биржасы туралы біліп жүргеніміз абзал.

АЛҒА ҮШ ҚАДАМ ЖАСАҢЫЗ

Осынау Ұлттық жобалар бойынша жұмыс орындарының Бірыңғай платформа-сында мамандықты, ұсынылатын жалақыны, талап етілетін дағдыларды көрсете отырып, барлық өңірдегі ірі кәсіпорындар мен шағын және орта бизнес өкілдеріне ең керекті бос жұмыс орындары орналастырылған.

Жұмыс керек деп жүрген кез келген адам 3 қарапайым қадамды жасау арқылы Ұлттық жобаларды жүзеге асыруға үлес қоса алатынын айтқымыз келеді.


Бірінші қадам – түйіндемеңізді жасап, оны жұмыс берушіге жіберіңіз.

Екінші қадам – өзіңізді қызықтыратын бос жұмыс орнын Бірыңғай платформада таңдаңыз.

Үшінші қадам – жұмыс берушімен сұхбаттасып, еңбек шартын жасаңыз.

Бұл жөнінде толығырақ білгіңіз келсе, Алматы қалалық Жұмыспен қамту орталығына (Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85-үй, 8 (727) 310-21-31) хабарласыңыз. Сізге ондағы мамандар бәрін егжей-тегжейлі түсіндіреді.

Нұр ЖАМАЛ.



БАЙҚАУ

«ҮЗДІК ПЕДАГОГТАР» АНЫҚТАЛАДЫ

Қаламызда 2012 жылдан бері дәстүрге айналған «Үздік педагог» байқауы биыл осымен оныншы мәрте өтіп отыр. Жақында ғана қалалық Білім басқармасының 2022 жылғы 5 қыркүйектегі №411 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі және жалпы орта, арнайы, қосымша білім беру, техникалық және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері арасында «Үздік педагог» байқауы жарияланған еді.

Биылғы байқауға қаламыздағы 192 мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарынан 61 тәрбиеші, 207 орта білім беру ұйымдарынан 131 мұғалім, 18 арнайы білім беру ұйымынан 8 мұғалім, 18 қосымша білім беру ұйымынан 3 педагог, 23 колледжден 18 педагог байқауға қатысуға ниет білдірді. Бірінші кезеңге қатысқан 203 педагогтың 55-і қалалық кезеңге жолдама алды.

Қалалық конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаз деп танылған педагогтар мынадай орындар бойынша марапатталатын болады.

I орынға – I мұғалім, 1 тәрбиеші, 1 арнайы пәндер оқытушысы;

II орынға – 2 мұғалім, 2 тәрбиеші, 2 арнайы пәндер оқытушысы;

III орынға – 3 мұғалім, 3 тәрбиеші, 3 арнайы пәндер оқытушысы.

Конкурстың II кезеңінің жеңімпаздарына Алматының «Үздік педагог» атағы беріліп, куәлік тапсырылады.

Сонымен қатар, «Үздік педагог» атағын беру қағидаларының 54-тармағына сәйкес республикалық кезеңге қатысқан, бірақ онда жеңімпаз болмаған «Үздік педагог» конкурсының II кезеңінің (қалалық) жеңімпазына өңірлік комиссияның шешімі бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 6-тармағына сәйкес жергілікті бюджет есебінен бір реттік сыйақы төленеді.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Қозғалыс сызбасы өзгерді

Жолаушылардың өтініштері бойынша 14 қарашадан бастап №59, №113 және №205 маршруттардың қозғалыс сызбасы өзгертіледі.

Алматы қаласының Көлік холдингі мамандарының хабарлауынша, енді олар Құлжа тас жолы мен Бұқтырма көшесінің қиылысынан қозғалған кезде көпірдің астынан өтіп, Рысқұлов даңғылында кері айналып, жол бойындағы аялдама пункттеріне тоқтап өтетін болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БРИФИНГ

Жолда абай болайық!



Нұржамал
ӘЛШЕВА

(Басы I-бетте)

Сондай-ақ, ол автокөлік иелерін ауа райының құбылуына қарай, жолда барынша абай болуға шақырды. Мұндай ескертулер, әсіресе, жауау жүргіншілерге қатысты дейді ол.

«Бізге күндіз ауа температурасы 10 градус Цельсийді көрсетсе, түнде 0 градустан төмен түседі. Осыған байланысты таңғы және кешкі уақытта жол үсті қатқақ болып жатады. Автомектептерде, әдетте, осындай кезде көлік жүргізуді үйретеді. Мұндай жағдайда жылдамдықтың кенеттен өзгеруін болдырмау, көлік құралын бірқалыпты басқару керек. Оған қоса, жүріп бара жатқан көліктер

арасындағы қашықтықты ұлғайту керек», – деді Болатбек Баятанов.

Қыс маусымында жүргізушілер көлігінің техникалық күйіне ертерек назар аударып, дөңгелектерін қысқы резинаға ауыстыру, жарық, әйнекті тазарту, электр сымдар жүйесі, аккумулятор қуатының жұмысын тексеріп алғандары жөн.

«Ауа температурасы төмендегенде жазғы дөңгелектермен жүру өте қауіпті болады. Көлік дөңгелегі сырғанап, тоқтай алмай қалады. Қозғалтқыштан шығарып қою да қауіпті, өйткені мұндай кезде жол-көлік оқиғасы қауіп арта түседі. Қараша айында қар түріндегі алғашқы жауын-шашын түсіп, одан кейін жол-көлік оқиғаларының саны артты. Негізінен мұндай жағдайға көліктерін қысқы дөңгелекке ауыстырмаған жүргізушілер тап болады», – деді полиция полковнигі.

Тәртіп сақшысы қыс түскенін күтіп отырмай, көлік резеңкесін қазірден ауыстыру керектігін атап өтті. Өйткені, Жол жүру ережесінің «Жол қозғалысы қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға қауіп төндіретін көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынған ақаулар мен жағдайлардың тізбесі» деген 5-бөлігінің 590-бабына сәйкес, мұны ескермеген жүргізушілерге 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

ӨҚК брифингінде Болатбек Баятанов 2022 жылдың басынан бері Алматы қаласында 3073 жол-көлік оқиғасы тіркелгенін, оның салдарынан 81 адам қаза тауып, тағы 3496 адам түрлі дене жарақатын алғанын айтты. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жол-көлік оқиғалары 21,5%-ға, қаза тапқандар 20%-ға, жарақат алғандар 18%-ға өскен.



МАҚСАТ – АҚПАРАТТЫ ЖЕТКІЗУДІҢ ҮЗДІК ТӘСІЛДЕРІН ІЗДЕУ



YouTube – бұл қызметтерді немесе белгілі бір өнімді жылжытудың ең қолжетімді, түсінікті, келешегі жарқын жолдарының бірі. Көптеген компаниялар осыны түсінгендіктен, өздерінің YouTube арналарын жасайды. БЖЗК да өз салымшылары, алушылары және қазақстандық жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қызығушылық танытқандардың барлығына да пайдалы әрі қажетті нәрсені көп білуге болатын, сонымен қатар олардың қаржылық сауаттылығын арттыратын заманауи алаңды ұсына отырып, бұл үдерістен шет қалмады.

Жазылушыларға ыңғайлы болу үшін барлық ақпарат қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

Бейнематериалдар тақырыптық ойнату тізімдеріне бөлінген: жылдар бойынша жаңалықтар мен түсініктемелер, БЖЗК-ның бейненұсқаулықтары, Zeinet.kz/Пенсия.kz бағдарламаларының шығарылымдары, «Зейнетақы жүйесі туралы екеуара әңгіме» айдары аясындағы сұхбат.

Сонымен, БЖЗК-ның YouTube арнасы жазылушыларға нені ұсына алады?

Мұнда Сіз зейнетақы қызметтерін пайдалану бойынша қадамдық бейненұсқаулықтарды тамашалап, мысалы, мынадай сұрақтарға жауап ала аласыз:

- Өз зейнетақы жинақтарының инвесторы болу үшін не істеу керек?
- Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын неге және қалай алуға болады?
- Болашақ зейнетақыны қалай есептеуге болады?
- «Жеке кабинетті» қалай пайдалануға болады?

Сондай-ақ, басқа да көптеген бейнекеңестер бар. Оларды зерделей отырып, сіз БЖЗК-ның сайтында немесе ұялы қосымшасындағы кез келген функцияны оп-оңай меңгересіз.

Пайдалы ақпаратты жеке эпизодтарға бөлініп, жаңадан түсірілген егжей-

тегжейлі сюжеттерден де алуға болады. Бұл пайдаланушыға бір материалдың ішінен қажетті сұрағын немесе талқыға салынып отырған тақырыбын оңай табуға мүмкіндік береді.

Арнадан БЖЗК мамандарының да, шақырылған сарапшылардың да пікірлерін көріп, тыңдауға болады. 31-телеарнадан көрсетілетін Zeinet.kz/Пенсия.kz бағдарламасының барлық шығарылымдарын да осы YouTube арнамыздан таба аласыз.

Қысқа бейнематериалдардан басқа, сұхбат форматында берілетін күрделі сараптамалық бағдарламаларды да байыптап, бағасын беріп отырсаңыз болады. Жүргізушілер өз қонақтарына тосын да, өткір сұрақтарын қойып, жауап ретінде сындарлы кәсіби пікір алады. Бұл сарапшысымақтардың қаңқу әңгімелері мен сылдыр түсініктерінен түбегейлі ерекшеленеді.

Жалпы, мұнда көптеген ақпарат бар және әркім өзіне қажетті ақпаратты табады деп үміттенеміз. Біздің арнаға жазылыңыз, ыңғайлы болу үшін төменгі жағындағы QR кодын қолданып, «лайк» басып, түсініктеме беріңіз, сұраңыз! Біз әрдайым қуана жауап беріп, көмекке келуге дайынбыз!

P.S. Бейнежазбаны көрген кезіңізде, алдымен, жариялаған күніне назар аударыңыз! Өйткені, БЖЗК ақпаратты үнемі жаңартып отырады. Арнаға өзекті нұсқа ғана жүктеліп, ескі бейнежазбалар жойылмай, мұрағатта сақталып қалады. Сол себепті, пайдаланушы 2015 жылғы бейнежазбаны көріп, оның ескірген ақпарат екенін байқамай қалуы әбден ықтимал.



БҮГІН – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

Ұлттық валютамыз – теңге бірінші айналымға кірген күні 1 доллар 4,75 теңге болып бекітілген. Ал бүгін АҚШ долларының бір қағазын теңгеге шақсак, 400–500 теңге арасында құбылып тұрғаны байқалады. Осы орайда биылғы инфляция деңгейі туралы және құнсыздану мәселесін шешу жөнінде мамандар пікіріне тоқталып өтейік.

ТӨЛ ТЕҢГЕ – ТӨРІМІЗДЕ!



Досбол
АТАЖАН

2020 жылы елімізде инфляция 7,5%-ды құраса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 8,4%-ға жеткен. Өткен екі жылда инфляция деңгейінің өсуіне пандемия әсер еткені сөзсіз. Алайда, әлемдік ахуалдың орнығуына орай былтыр жыл соңында сарапшы-экономистер Қазақстандағы инфляция бойынша оптимистік болжамдар жасаған еді. Мысалы, Sova Capital бас экономисі Артем Заигрин 2022 жылы инфляция деңгейі 6% болады деп күтсе, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының сарапшысы Рамазан Досов «2022 жылдың соңына қарай инфляциялық қысым төмендеуі мүмкін» деп болжам жасаған.

Өкінішке қарай, биыл сарапшылардың оң болжамдары дәл келмеді. 2022 жылдың қараша айындағы жағдай бойынша елімізде инфляция 18,8% құрады. Оған әлемдегі көптеген геосаяси жағдайлардың әсер еткені сөзсіз. Көршілес Ресейге салынған санкциялардың бір ұшы Қазақстанға тікелей болмаса да, өз әсерін тигізді. Бұл жағдайды Қазақстан Ұлттық Банк төрағасы Ғалымжан Пірматов та мойындап отыр. Ол өзінің «Хабар 24» арнасына берген сұхбатында инфляция мәселесі туралы «Қазір бізге сырттан келген күтпеген жағдайлар қатты әсерін тигізіп отыр. Айта кету керек, соңғы болып жатқан жағдайлардың ішінде, оның бірі – пәтерлерді жалға беру бағасының өсуі. Қыркүйек айының өзінде 13,1 пайызға өсті. Егер өткен жылғы қыркүйекпен салыстырсақ, 40,7 пайызға өсті де, осы жалғыз көрсеткіштің өзі жылдық инфляция ішінде 1,1 пайыз үлес қосып отыр», – деп пікір білдірді.

Алайда, Ұлттық Банк басшысы алдағы уақытта жағдай тұрақталады дейді. «Дегенмен, енді бағалардың өсу қарқыны бәсеңдейді деп ойлаймыз. Себебі, сыртқы факторлардың көпшілігінің әсері төмендеу траекториясына түсті. Яғни қанша дегенмен, сыртқы факторлар жайлап орнына келіп жатыр. Атап өтсем, азық-түлік тауарлары, шикізат бағасы, соның өсу қарқыны сәл де болса қалыптасып, орнына түсіп келе жатыр».

Ғ.Пірматовтың мұндай болжам жасауы да негізсіз емес секілді. Себебі, теңге қазан айында 1,7%-ға нығайған. «Қазан айында біз валюта нарығындағы қалыпты құбылмалылықты байқадық. Бір айдың ішінде динамика әртүрлі бағытта өрбіді. Қазанның қорытындысы бойынша теңге 1,7%-ға нығайды. Мұнай бағасының өсуі де теңгенің нығаюына түрткі болды», – деп ҚР ҰБ төрағасының орынбасары Әлия Молдабекова соңғы сұхбаттарының бірінде хабарлады.

Қазіргі уақытта теңге құнсыздануы тоқтап келе жатқанын отандық сарапшылар да айтып отыр. «Қазан-қараша айларында төтенше жағдайларға байланысты Ресей тарапынан біздің тауарларды көптеп сатып алу байқалды. Ақша айналымы үздіксіз жүрді. Сондықтан қазір ұлттық валютамыздың құнсыздануы біршама тұрақталды десек болады», – дейді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, экономист Ғалымжан Керімбек. Сондай-ақ, ол инфляция деңгейін әрі қарай да тұрақты ұстап тұру үшін күз мезгіліндегі астық жинау мәселесіне немқұрайлы қарамау керектігін айтты: «Инфляция – ешқашан жойылмайтын фактор. Дамыған мемлекеттерде де бұл құбылыс бар. Оны жойып жіберу мүмкін емес. Бірақ инфляция деңгейін сақтап отыру қажет. Қазір күз кезінде біз отандық өнімдерді қолдап, астықты тезірек жинап алуға мән бергеніміз жөн. Бұған немқұрайлы қарайтын болсақ, келесі жылы теңгенің құнсыздану деңгейі өсіп кетуі мүмкін», – дейді ол.

Теңгенің тағдыры әрбір қазақстандықты алаңдатыны сөзсіз. Мемлекет басшысы да қыркүйек айындағы Жолдауында бұл мәселеге назар аударып, жаңа экономикалық саясат ұсынды. Белгіленген бағытты ұстана отырып Үкімет пен Ұлттық Банк теңгені құнсызданудан сақтау үшін нақты қадамдар жасайды деп сенеміз.

(Ұлттық валюта күніне орай топтамаларды 6 және 8-беттерден оқыңыздар).



САЙЛАУ-2022

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

Танымал азаматтар қазақстандықтарды сайлауға қатысуға шақырады



Лаки КЕСОГЛУ, әнші:

ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕРЕК

Жеке басым міндетті түрде 20 қараша күні сайлауға барамын. Барша қазақстандықтарды болашақ үшін жауапкершілік танытып, өз дауысын беруге шақырамын.



Арман ЖУДЕБАЕВ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы
Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры:

ОТБАСЫМЫЗБЕН ДАУЫС БЕРЕМІЗ

Күн санап саяси науқан да жақындап келеді. Осынау ел тағдыры үшін болатын сын сағатында мен Қазақстанның азаматы, елімнің патриоты ретінде №585 сайлау учаскесіне тек өзім ғана емес, өз отбасыммен барып, дауыс беремін. Мен бұл таңдауымды өзімнің Отанымның жарқын болашағы мен кемел келешегі үшін жасағалы отырмын.

Барша отандастарымды осынау сындарлы сәтке саналы түрде қатысып, дауыс беруге шақырамын!



Ерлан БІЛӘЛ, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

БАҚЫТТЫ БОЛАМЫЗ ДЕСЕК...

Отан – отбасынан басталады. Ал бала – адамның бақыты. Сол балаларымыздың, жастарымыздың, өскелең ұрпақтың болашағы зор, келешегі кең болсын десек, қазақтың тарихы мен тағдырында болып жатқан айтулы күнге, яғни 20 қараша күні болатын Президент сайлауына бей-жай қарамаймыз деп ойлаймын. Олай болса, баршаңызды халқымыздың келешегі үшін, болашағымыздың зор болуы үшін, ұрпақтарымыздың бақытты өмір сүруі үшін, әділ қоғамда болуы үшін дауыс беруге шақырамын!



Дулыға АҚМОЛДА, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

БАРЛЫҒЫ АТСАЛЫСУЫ ҚАЖЕТ

Қазір әлемде болып жатқан қым-қуыт оқиғалардың, саяси жағдайлардың барлығы Қазақстанға, біздің елімізге өз әсерін тигізбеуі мүмкін емес. Сондықтан дәл қазіргі сәт біз үшін өте жауапты кезең деп есептеймін. 20 қараша – Қазақстан Президентін сайлау күні. Мен өз сайлау учаскеме барып, Қазақстан азаматы ретінде дауыс беремін. Барлықтарыңыз, құрметті отандастар, 20 қараша күні өз учаскелеріңізге барып, еліміздің, жеріміздің болашағы үшін Президентімізді сайлауға атсалыссаңыздар деймін. Бұл өте жауапты кезең. Оған үлкен мән-мағынамен қарауымыз керек деп ойлаймын.



Қуанышбек МАМЫТҚАЛИЕВ, актер:

ҮЛКЕН МӘНІ БАР

«Алтай менен Атыраудың арасы,
Сарыарқа мен Жетісудың даласы,
Еділ, Жайық, Іле, Шу мен Таласы
Құдіреттің сыйы емес пе, қарашы», –

дегендей, қыранның қанаты талатын қазақ даласында қаншама тарихи дүниелер болып жатса, алдағы сайлау да үлкен мәні бар дүниеге айналып отыр. 20 қарашада азаматтық борышымды орындап, өз дауысымды беремін. Өзімнің ішкі түйсігім «осы сайлаудан кейін үлкен өзгерістер болады» дейді. Жалпы, қазақ елін сайлауға шақырамын, өзім де барамын.



Гауһар ҚАСПАҚОВА, әнші:

ӘР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ БОРЫШЫ

Құрметті қазақстандықтар! Сайлауға қатысу – әр адамның борышы деп санаймын. 20 қараша күні таңертең мен де өз учаскеме барып, міндетті түрде дауысымды беремін. Өз Президентімді сайлаймын.



Өктем АЛТАЕВ, әнші, композитор:

БҰЛ САЙЛАУ БҰРЫҢҒЫДАН ӨЗГЕРЕК

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгере» деп Шәкәрім бабамыз айтпақшы, биылғы саяси науқанның салмақты екені байқалады. Олай дейтін себебім, бүгінде барлығымыздың саясаттан хабарымыз бар. Бұл дегеніңіз, елдің ертеңгі тағдырын болжай білетіндігімізді көрсетеді. Сондықтан дәл сол күні бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, тайлы-тұяғымызбен сайлау учаскесіне барып, өз таңдауымызды жасайық. Мен де таң атысымен №510 сайлау учаскеме барып, өз елімнің болашағына дауыс беремін. Сіздерді де шақырамын!

ЖСДП ОСДП

ХАЛЫҚ БИЛІГІ МЕН ЕРКІН ҚОҒАМ ҮШІН!

МЕНИҢ ТАҢДАУЫМ

НҰРЛАН ӘУЕСБАЕВ

МЕН:

- Жемқорлықпен күрес
- Олигархиясыз экономика
- Тегін медицина мен білім
- Өмір сүру сапасының стандарттарын жасақтау
- Президенттік-парламенттік басқару үлгісін орнату

ҮШІН

20 қараша 2022 жыл

Насихаттық материал Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат Н.С.Әуесбаевтың сайлау қорының қаражатынан төленді.
Жауапты тұлға – Бас редактор Төрехан Данияров

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕГІ ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

- Әрбір азамат өзі туралы деректерді тексеруге құқылы
- Сайлау учаскелерінде сайлаушылар дауыс беру күніне 15 күн қалғанда сайлаушылар тізіміне өздері туралы енгізілген деректердің дұрыстығымен таныса алады
- Сайлаушылар тізіміне түзетулер енгізу немесе сайлаушылар тізіміне енгізу қажеттігі туралы өтініштерді сайлау комиссиясы өтініш келіп түскен күні қарайды

Мақұлданбаған жағдайда азаматқа дәлелді шешімнің көшірмесі кешіктірмей беріледі

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

Әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР, Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



МЕРЕКЕ

ТӨЛ ТЕНГЕ – ТӨРІМІЗДЕ!

15 қараша – еліміздің Ұлттық валютасының, яғни төл теңгеміздің айналымға енгізілген күні. Ұлттық валюта – бұл елдің заңмен белгіленген ақша бірлігі. Валюта (итал. voluta – құн, баға) – тауарлар құнының шамасын өлшеу үшін пайдаланылатын ақша өлшемі. Бүгінгі күні өзіміздің валютамыз да елдің қаржылық Тәуелсіздігінің ажырамас символына айналды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«ДЕНГЕ» МЕН «ТАҢҒА»

Сәл шегініс. Біз Кеңес Одағының ақша-сымен өскен ұрпақпыз. Мектепте оқып жүргенде ата-анамыз берген 20 тиынды алып, асханаға қарай құстай ұшатынбыз. 20 тиынға төрт прэндік келетін. Бергінде, студент болғанда 3 сомға бір торт алып, ауылдан келген сәлемдемені «жуатын-быз». Ал ұлттық валютамызды қолымызға 4-курста оқып жүргенде ұстадық. Әрине, мақтаныш болды. Ол енді есейе бастаған, ел іргесіне бір кірпіш болып қалануды мақсат тұта бастаған шағымыз болатын.

АҚШ-тың доллары, Қытайдың юаны, Швецияның кронны, Кувейттің динары бар, ал біз кімнен кем едік, өз алдымызға отау құрып, егемен ел атанып, осыдан 29 жыл бұрын біз де төл валютамызды шығардық.

Иә, Қазақстан жаңа Ұлттық валютасын енгізу қадамын 1992 жылы бастап кетті. Алдымен құрамына Мәңдібай Әлин, Тимур Сүлейменов, Ағымсалы Дүзелханов және Хайролла Ғабжалилов сынды жоғары дәрежелі мамандар кірген арнайы комиссия құрылып, олар жаңа валютаны әзірлеу жұмысына бірден кірісіп кетті. Жаңа валютаның кескінін дайындау жұмыстары біздің Алматы қаласында ерекше құпия жағдайда жүргізілген.

Жаңа валютаның атауын «тенге» деп атау туралы шешім қабылданады. «Тенге» сөзі бастауын орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің күміс ақшасы «денге», «таңғадан» алады деді сарапшылар. Ал қағаз ақшаға халқымызға белгілі ақын-жазушы, ғалым, ойшылдардың бейнелерін салу ұйғарылды. 1992 жылдың тамызында

Ұлттық банкте теңге купюрасының үлгілерін бекіткен дизайнерлер тобы Англияға жол тартады.

Біздің мемлекетте ақша бастыратын фабрика жоқ еді. Құнды қағаз бастыратын қаржы да тапшы болған. Тегеурінді әрі жедел жұмыстардың нәтижесінде Ұлыбританияның Harrison & Sons деп аталатын шағын отбасылық баспаханасы қағаз ақшамыздың бірінші партиясын басып шығарды. Бұл жұмыс оларға бүкіл әлемге танымалдылық және ең жақсы экспорттық тауар үшін патшайым II Елизаветаның алтын белгісін алып келді. Ал алғашқы металл монеталарымыз Германияда жезден және никель күмістен жасалды. Шетелде әзірленген ақшаларымыз елге жалға алынған «Ил-76» ұшағымен тасып әкелінген. Сөйтіп, 1993 жылғы қарашаның 13-і барлық газет ағартушы әл-Фараби, дәулескер күйшілеріміз Сүйінбай мен Құрманғазы, ғалым Шоқан Уәлиханов, ақын Абай, Әбілқайыр хан бейнеленген жаңа валютамыздың суреттерін берді.

Ал 15 қарашада сағат 08.00-ден Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізіліп, 18 қарашада сағат 08.00-ден бастап теңге Қазақстан Республикасының заңды төлем құралына айналады. Осы жылы қарашаның 22-сінде зейнетақы мен еңбекақы теңгемен беріле бастады. Елімізде «валюта айырбастау» пункттері ашылып жатты.

Кейінірек Алматы қаласында Ұлттық банктің Банкнот фабрикасы, Өскеменде Монета сарайы ашылды. Уақыт талабына сай теңгенің дизайны өзгерді. Бүгінде купюраларымыз 18 деңгейлі қорғаныс қабатына ие, қолдан жасау мүмкіндігі барынша шектелген қаржылық айналым құралы болып саналады. Демек, дамыған елдер валютасымен бәсекеге тұра алады.

Осы орайда үш жыл қатарынан – 2011, 2012, 2013 жылдары әлемдегі ең әдемі ақша (10 мың, 5 мың және 1000 теңгелік банкноттар) деп танылғанын да атап өтейік.

АЯҚ АСТЫНДА
ЖАТПАСЫН

Теңге десе, елге белгілі сатирик, марқұм Үмбетбай Уайдин ұстазымыздың еске оралатыны бар. Ол кісі менің диплом жетекшім болған. Сондай жұмсақ, мейірімді жан еді. Бірде дәріс кезінде патриоттық сезім, отаншылдық туралы сөз болғанда, айтқан әңгімесі бар-ды.

– Жерде жатқан тиынды көрсем, міндетті түрде көтеріп аламын. Ол 1 тиын болсын, 5 тиын болсын, мейлі. Сосын үйге әкеліп ыдысқа жинай беремін. Бұл ісіме үлкен екенмін деп намыстанбаймын. Бұл менің ұсақтығым емес, керісінше, ұлттық символымызға деген құрметім деп білемін. Себебі, әр тиында елдігіміздің басты белгісі – Елтаңба бейнеленген. Ал мемлекеттік рәміздеріміз жерде жатпауы керек, табанға тапталмауы тиіс, – деген еді үлкен жүректі ұстаз. Бізге де төл теңгемізді құрметтеп жүрсін деп құлаққағыс қып айтқаны екен-ау. Расымен де, біле-білген адамға елдігімізді айғақтап тұрған мемлекеттік рәміздерді қастерлеуде ұсақ-түйектік болмаса керек.

Ыдысқа жинау демекші, біздің бір таңыстарымыз болды, қыз бен жігіт. Екеуі алғаш көңіл жарастырып жүрген кезде жігіт 3 литрлік банкаға 1 тиындарды жинай бастады. Ол да сол аякасты болмасын деген ниетпен жинаған секілді болып көрінетін маған. Кейін уақыт өте келе жігіт «Осы банка толғанда, біз үйленеміз» деп әзілдейтін. Расымен де екеуі үйленіп, бала-шағалы болды. Қызық, ә?!

ЖҮЗ ТЕНГЕ

Күнделікті жүретін жолымызда бір тіленші кісі күнде отырады. Қоларбада. Екі балағы бос.

Біраз ұзап кеткен кезде:

– Қап-ай, ана кісіге неге тиын тастамадық! – дедім.

– Менде бар ғой ақша, асханаға берген ақшаңыз, соны берейік, – деді «Күміс қасығым».

– Бере ғой. Қанша саласың қорабына?

– Жүз теңге! Он теңге салсам, ауруханаға баруына жетпей қалып жүрер, – деді уайым жеген көңілмен.

Төл теңгеміз айналымнан түспей, үлкенді де, кішіні де қуанытып, кәдемізге жарай берейік!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ӘЛЕМ ЖӘНЕ
АҚША

- Алғашқы қағаз ақша Қытайда 812 жылы пайда болған деседі.
- XIX ғасырда Аляскада теріден ақша жасайтын болған.
- Ежелгі кельт тайпасында «о дүниеде қайтарамын» деп серттесіп, қарызға ақша алатын болған.
- Ал ежелгі Грекияда қарызы бар адам мойнына арнайы тақтайша іліп жүрген көрінеді.
- Ескендір Зұлқарнайын – тиындарда өз бейнесін орнатуға алғаш бұйрық берген патша.
- Сауд Арабиясында тек әйелдер жұмыс істейтін банк бар.
- Канадада кезінде динозавр бейнеленген тиындар шығарылған.
- Алғаш рет несие АҚШ-та 1937 жылы рәсімделген.
- Бір банкнотада жүз мыңдаған микробтар өмір сүреді.





ШЕРХАН МҰРТАЗА –90



АҚИҚАТТЫҢ АЛДАСПАНЫ

Ұлт руханиятының абызы, көрнекті қайраткер Шерхан Мұртаза туралы сөз

XX ғасыр қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір», «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Ай мен Айша», «Бір кем дүние» шығармалары сол XX ғасырдың тарихи бет-бейнесін көркем дүниемен көрсеткен ұлттық жәдігерлер.

Шерхан Мұртаза сондай-ақ өткен ғасыр журналистикасының шырағы мен пырағы.

Орынтақтың құлы болмай, орынтақтың көркі болған да Шерағаң. Ол отырған креслоның үлкен-кішісі жоқ. Қай қызметке келсе де, сол қызметтің абыройына айналды.

Мұз жүректі жібітті, халқының сөзін айтты, қазақ әдебиетін байытты.

Шерағаңмен ағалы-інілі сыйлас болдық. Тағдырының қиын кезеңінде «Егемен Қазақстанға» қызметке шақырдым. Кеңесші болыңыз дедім.

«Кеңес беретін адамға, кеңесші болмаймын», – деп айтқан да Шерхан көкем.

«Жазғанымды түзмейсің, күзмейсің, қысқартпайсың, осы сөзге тұрсаң, міне – қолым», – деп, уәдемді алған да Шерағаң еді.

Содан соң бір оппозициялық газет Шерхан Мұртаза «Егеменнің босағасында отыр» деп жазыпты. Шерағаң қолма-қол жауап қайтарды: «Егеменде табалдырық жоқ, бәрі төр!».

Белгілі көсемсөзші Камал Смайлов «Егеменге» «XXI ғасыр – Қазақстан ғасыры» деген бір бет мақала жазды.

Мақалада Қазақстанда Менделеев кестесінде көрсетілген барлық қазыналар бар екендігін, оның елімізді бай елдердің қатарына қосатынына шек келтірмейтінін дәйектеді.

Шерағаң оған жауап жазды.

«Әй, Камал дос, сен XXI ғасыр Қазақстан ғасыры болады дейсің. Дұрыс-ақ, өзің жазғандай алтын мен күмістің үстінде отыр екенбіз. Айтшы, егер айтқандарыңның бәрі рас болса, осы алтын сандықтың үстінде қазақ неге жалаңбұт отыр?».

Жариялау керек пе? Басың да, тағын да кетуі мүмкін еді. Бірақ уәде Құдайдың бір аты. «Тәуекел» деп, жарияладым.

Бұл хат жазысу бір жарым жылға созылды. Камал ағам бірде заман ғаламторлық ақпаратқа кетіп бара жатыр деп интернет жүйесі туралы толғанды. Бұл кезде интернет әлі өзінің күшін көрсеткен жоқ еді. Сонда Шерағаң: «сол ғаламторыңмен бірге жастарымызды ұлттық құндылықтарымыздан айыратын рухани жағынан аздыратын күш келе жатқан жоқ па, деп ойламайсың ба? Ылғи аты-шабыс, зорлық-



зомбылық, паракорлық, зинакорлық фильмдер түбі түбімізге жетіп жүрмесін» деп жазды.

Кейін бұл хаттар менің «Егеменнен» кетуіме желеу болды.

«Бір кем дүниесінде» «Ай мен Айша» романынан үзінді келтірді. Онда 1937 жылы әкесі Мұртазаны ұстап бара жатқан түнгі сәт суреттеледі. Понятой дегендерін ертіп, түн қараңғысында үйіне НКВД-шілер кіріп келеді. Ай-шайға қарамай қамаққа ала бастайды. Сонда бір қызыл НКВД өкілі төрде ілулі тұрған жайнамазды көреді. «О, аяғым тоңып жүр еді, мына жайнамазды екіге бөліп, шұлғау жасайын», – деп аяғына орай бастайды. Бұл бала Шерханның жүрегіне шер болып кадалады.

Шерағаңнан қалған кейбір сөздерді жаңғыртқым келеді.

«Жапалақты тасқа ұрсаң да жапалақ өледі, таспен жапалақты ұрсаң да, жапалақ өледі». Бұл әлі коммунистік жүйе қалпында тұрған кезде айтылған сөз еді.

«Екі тіл жыланда ғана болады»;

«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді»;

«Менің қаруым – қолымдағы қаламым, бәлкім қызметімді тартып аларсыздар, ал қаламымды ешкім де тартып ала алмайды», – деп Н.Назарбаевқа жауап берген де Шерхан, Шерағаң.

«Аурудың асқынған тұсы – науқаншылдық»; «Қазір жоғарыдан төменге, өрден ылдиза дейін жаппай ұрлық, қарлық. Ұлы ұрлық дәуірі», – деп бетке айтқан да Шерағаң еді ғой.

Көреген екен ғой, көкем!

Қаралы қаңтардан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев Қазақстанның бүкіл байлығы 162 адамның қолында екенін ресми айтты ғой.

«Отан деген, ұят деген ұғым, сезім таны. Трижды убивает свою нацию тот, кто игнорирует родной язык. Мұны мен емес, Гегель айтқан», – деп еді-ау Шерағаң.

Депутаттық қызметінде де Шерағаң тіл үшін күресті.

Сенат пен Мәжілістің біріккен отырысында Амангелді Айталы ағамыз Мәжіліс және Сенат депутаттары мемлекеттік тілден тест тапсыру мәселесін көтерді. Бұл ұсыныс дауысқа қойылды. Оған Сенаттың 30 депутатының 8-і жақтап, екеуі қалыс, 20-ы қарсы дауыс берген. Ал Мәжілістің 65 депутатының 25-і жақтап, 40-ы қарсы болған.

Шерағаң осыған күйініп «Егеменге» «Өз үйіндегі өгей тіл» деген мақаласында «мемлекеттік тіл осылай күйрей жеңілді» деп жазды.

Төле би бабамыз дүние салғанда Әйтеке би айтыпты: «Төлеби өлді дегенше, әділет өлді десеңші», – деп...

Шерағаң дүниеден өткенде де қалың қазақ осылай қара жамылды.

Әділеттің шырақшысы дүниеден өтті, – деп күңірөнді.

Шерағаңның өзі жоқ, сөзі қалды. Қоладан құйылған ескерткіші қалды. Ұлтқа айтқан аманаты қалды.

Шерағаңның 90 жылдығын атап өтіп, «Шерхан зерттеу» орталығын құрып, туған ауылында музей ашқан, еңселі ескерткіш қойған Тараз халқына рахмет! Тарихы бай көне Тараздың үстінен нұр кетпесін!



Уәлихан
КАЛИЖАН,
ҰҒА
академигі,
Қазақстан-
ның еңбек
сіңірген
қайраткері.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

ИДЕЯЛЫҚ НЕГІЗІН ОРНЫҚТЫРДЫ

Ұлттық тәуелсіз сана туралы идеяның тұғырын Әлихан Бөкейхан саяси тұрғыдан қалыптастырса, Ахмет Байтұрсынұлы соның идеялық негізін тікелей орнықтырды.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ,
филология ғылымының докторы, профессор.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА
ОРТАҚ ҰЛЫ ТҮЛҒА

Ахмет Байтұрсынұлы – түркі халықтарына ортақ ұлы тұлға. Оның ілімі халықаралық ғылыми кеңістікте, әсіресе, түркі әлеміндегі гуманитарлық ғылымдарда реформаторлық идеяларымен ерекшеленеді.

Талғат ЕШЕНҚҰЛОВ,
ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі.

ОТАНҒА АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ҮЛГІСІ

«Жазған сөз жаным ашып Алашыма!» деп өзінің өмірлік ұстанымын айқындап алған Ахмет Байтұрсынұлы Отанға адал қызмет етудің үлгісін көрсетіп кеткен бірегей ғалым.

Айгүл ІСМАҚОВА,
филология ғылымының докторы, профессор.

АХМЕТТАНУ

ЕЛШІЛДІК РУХ, ҰЛТШЫЛДЫҚ СЕЗІМ

А.Байтұрсынұлының қазақ тілімен қатар орыс тіліндегі мақала, баяндамаларындағы нақыл сөздері ой-өріс кендігімен, дүниетаным тереңдігімен ұйытады. Елдік мұратты, елдік мүддені қорғаудағы азаматтығынан айнымаған қайраткердің интеллектуалды саралаулары, парасатты пайымдары шынайы ғалым, елшіл қайраткер, отаншыл азамат қандай биікте болуы керектігін ұқтырады. Мәселен, түркітанушылар құрылтайы баяндамасындағы ұлттық бірегейлік, әділдік, мәдениет, рухани ықпалдастық мәселелерін сын тәзіне салған кемел ойлары – даналық кеншіндей әсерлі, міндетін оғындай өткір.

Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздері қазақ халқын отаршылдықтан арылттып, азаттыққа бастаған Алаш қайраткерлерінің елшілдік рухы, ұлтшылдық сезімі, мемлекетшілдік санасы қаншалықты асқаралы болғанын көрсетеді. Ұлттың ұлт болып қалуының мәңгілік мәселелері арқау болған нақылдары – қазақ топырағындағы рухани таным, саяси күрескерлік мектебінің тағылымы болуымен қастерлі.

Сағымбай ЖҰМАҒҰЛ,
филология ғылымының докторы, профессор.

ҰЛТ ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАДЫ

Қазақстанның Моңғолиядағы Елшілігінің қолдауымен осы елдің мемлекеттік университетінде Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «20 сұрақ» атты интеллектуалды викторина ұйымдастырылды.

«Алаш Моңғолия» жастар қоғамдық ұйымының бастамасымен өткізілген бұл іс-шараның мақсаты – ұлт ұстазының тұлғалық-шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау, бүкіл ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған Алаштың рухани көсемінің саяси-қоғамдық қызметімен, ұлы ағартушының өнегелі өмір жолымен таныстыру. Шара барысында өнерлі жастар Ахмет Байтұрсынұлының өмірінен сыр шертетін театрландырылған шағын қойылым көрсетті.

МӘДЕНИ-ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ЕҢБЕК

Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми гранты негізінде үш мың данамен Ұлт ұстазының 12 томдық мұрасы жарық көрді. Биылғы жылдың ірі мәдени-интеллектуалдық еңбегі ретінде бағаланған бұл 12 томдықтың ерекшелігі – барлық мұра төтеше және факсимилемен хатталған. Көптомдық еліміздің негізгі кітапханаларына мемлекет есебінен тегін таратылмақ. Оны даярлап, құрастыруға қатысқандар: Райхан Имаханбет, Сұлтан Хан Жүсіп, Дихан Қамзабекұлы, Сағымбай Жұмағұлы, Қайырбек Кемелгер, Абай Мырзағали, Халил Маслов.

«Елімізді сақтау жолында мәдениетке, оқуға ұмтылуымыз керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын ұмытпауға тиіспіз», – деп жазған еді 1913 жылы «Қазақ» газетіне Ахмет Байтұрсынұлы.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ЖАЗБАЛАРЫНАН

- Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарар.
- Сөз – дыбыстың мағыналы болып тізілгені. Сөз айту – дыбысты ауызбен тізу. Сөз жазу – дыбыстардың белгісін қағаз бетіне тізу.
- Оқуға келген балалар сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп, сөз шығаруды білмейді. Себебі, олар сөздің дыбыстан тізілетінін білмейді.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.
(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).



● НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Балам бай-қуатты болсын десеңіз...

Азаматтардың жаппай қарызға батуының бір ғана себебі бар, бұл – қаржылық сауатсыздық

Қазіргі таңда Қазақстанда күйіп тұрған ең өзекті мәселелердің бірі – халықтың көзсіз несиеге кіріп, қарызға батуы. Тұрақты жұмысы, қомақты жалақысы жоқ бола тұра жас та, ересек адамдар да бірнеше банктен кредит алып, онысын төлей алмай жүреді. Осындайлар «елімізде несие кешіріледі» деген сыбыс боп қала ма деп елеңдеп, несиелері кешіріліп кетсе, тағы кредит алып алсам деп алақандарын ысқылап отыратыны өтірік емес.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Несие мәселелері бойынша сарапшы Бауыржан Әбілқасымовтың айтуынша, елімізде азаматтардың жаппай қарызға батуының бір ғана себебі бар, бұл – қаржылық сауатсыздық. Өйткені, ақшаны санай алмайтын, жөнімен жұмсай алмайтын адам миллиондап ақша тапса да, жеткізе алмай жүреді. Сондықтан маман бұл мәселені шешу үшін ендігі жерде балаларға жай ғана көбейту кестесін жаттатып, есеп шығарта бергеннен гөрі, қаржылық сауаттылыққа баулу керек екенін айтады.

Психологтар да адамның ақшаға деген қарым-қатынасы бала кезінен қалыптасатынын айтып келеді. Әлеуметтік желіде небір мамандар «ақша ағынын ашамын», «қарыздан қалай құтылам», «ақшаға қатысты бала кездегі жағымсыз ойлардан арылтамын», «көп ақша табу үшін түпсананы өзгертем» деген мағынада курстар өткізіп жүргенін жиі байқаймыз. Көпшілігінің мақсаты қара халықтың сауатын ашу ма, әлде өздерінің қалтасын кампайту ма, оны бір Құдай біледі. Дегенмен, көп адам өзіне қажетті ақшаны тауып, оны ұқсата білу үшін білім керек екенін түсініп келеді.

Майлықожаның бір термесінде «Ептеп адам бай болмас, маңдайға құдай бермесе» дейді. Расында байлық пен бақ адам талғамай кім көрінгенге қона ма? Әлде бүгінгі заманда бұл сөздің маңызы жоғалды ма? Білімділік пен сауаттылықтың арқасында қаржылық тәуелсіздікке жетудің жолы қандай? Қаржылық сауаттылық тақырыбын қозғап отырғандықтан осы мәселе жөнінде мамандардың пікірін тындап көрдік.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гаухар ӨТЕПБЕРГЕНОВА,
мұғалім:

ӘР ТЕҢГЕНІ САНАЙДЫ

Меніңше, қарапайым жас отбасындағы қиындықтарды тұңғыш балалар кішкентайынан көріп өседі. Өз басымдағы жағдайдан мысал келтірейін. Қазір төртінші сыныпта оқитын ұлым бала болып ойыншыққа қызығып, тәтті-пәтті алайыншы деп қиғылықты салған емес. Балам бірінші сыныпқа барғанша пәтер жалдап тұрдық. Екінші баламен декреттік демалыста отырған кезімізде жолдасым жалғыз өзі жұмыс істеді. Бір адамның табысын пәтеракыға, тамаққа, киім-кешекке жеткізуіміз керек болды. Қарызданып жүріп үй салуды бастадық. Аядай бір бөлмеде тұрып жатқанда ақшаның жетіспеушілінен қабағымызға кірбің түскен кездер де болды. Өрине, мұның бәрі уақытша қиындықтар еді. Бірақ осының бәрін көріп өскен баланың көңілінде «ақша қиындықпен ғана келеді» деген түсінік қалыптасып қалған секілді. Бұлай дейтін себебім, балам мектепте тамақ алып жеуге берген ақшасын да жаратпай жинап жүреді. Базарға барғанда «ұнатқан ойыншығыңды ал» десек, «керек емес, менде бар ғой» деп бас тартады, алған күннің өзінде бағаларын салыстырып, ең арзанын алады. Қарындасы дүкенде әрнәрсеге қолын созып, алғысы келіп ұмтылса, ұлым қабағын түйіп жақтырмай тұрады. Содан кейін үнемі менен «Анашым, үй салуға алған кредиттерің қанша қалды, қашан бітеді» деп сұрап жүреді. Ұлымның кіп-кішкентай болып осындай үлкен мәселеге бас қатыратыны аздап аландатады. Бір жағынан ақшаның қадірін білгені де дұрыс шығар.

Әлия СӘРСЕНОВА,
көпбалалы ана:

БІРЕУІ АҚШАНЫ ШАШАДЫ, БІРЕУІ ЖИНАЙДЫ

Бір үйде қанша бала болса, әрқайсысының мінез-құлқы, санасы, болмысы әртүрлі болады ғой. Мысалы, менің үлкен қызым өте мейірімді, аңқаулау. Қолындағы соңғы тиынына көшедегі мысыққа тамақ әперуі мүмкін. Өзі аш қалса да, класындағы бала одан ақша сұраса бере салады. Ал екінші қызым мүлдем бөлек. Ол үйдің айналасындағы дүкендердің қайсысында нан арзан, қайсысында не қымбат бәрін байқап жүреді. Оны қызанақ алуға жіберсек, үш дүкенге кіріп қайсысында арзан содан алады. Егер дүкенші оған ақшасын дұрыс қайтармай қалса, сол жерде бірден ақшасын санап, өзінікін талап ете біледі. Үйдегі барлық балаға бірдей тәрбие беріп жатырмыз десек те, әр бала әртүрлі болады екен. Сондықтан психологтардың әрқайсысына өз ерекшелігін ескеріп, тәрбие беру керек дегенінің жаны бар деп ойлаймын.



● КЕРЕК КЕҢЕС

Мамандардың айтуынша, баланың ақшаға деген қызығушылығы 4-5 жастан басталады екен. Психолог Ғалияш Мақашева баланы қаржылық сауаттылыққа үйретудің басы үйде ата-анасының ақшаны ұқыпты, жинақы етіп ұстауынан басталатынын айтады. Егер үйде ақша әр жерде шашылып жатса, бала өскенде ақшаға жеңіл-желпі қарайды. Сондай-ақ, қаржылық сауаттылықты кішкентай балаға ойын түрінде жеткізген абзал, ал мектеп жасындағы балаларға күнделікті асханаға беретін ақшаны есептеп, қанша күнге жеткізетінін санатып үйретуге болады. Бала досына берген қарыз ақшасын қайтаруды, әрбір шығынын дәптерге жазуды әдетке айналдырса құба-құп. Алатын заттардың тізімін жасап, баланы дүкенге жұмсау да жақсы әдіс. Отбасымен монополия секілді үстел ойындарын ойнау да баланың ақшаға деген қарым-қатынасын, көзқарасын қалыптастырады.

● МАМАН ПІКІРІ

Мөлдір ТОҚЖАНОВА,
балалар психологі:

АУҚАТТЫ ОТБАСЫНЫҢ БАЛАЛАРЫ НЕГЕ СУИЦИДКЕ БАРАДЫ?

Әдетте, ата-аналар балаға материалдық жағдай жасауымыз керек деп, баласын әбден жайлылыққа үйретіп қояды. Үйде баланың ішкені алдында, ішпегені артында, теледидар қасында, телефоны қолында, әкесі мен анасы бар жағдайын жасап қойған. Сондықтан бала далаға шығып ойнағысы келмейді, дамығысы келмейді. Суицид жасаған балаларды зерттеген кезде олардың көбі ауқатты, бай, қаржысы жеткілікті отбасынан шыққаны анықталған. Бірақ сол балалардың көбі отбасының дүние-мүлкін, қаржысын өзінікі емес, тек әкесінікі немесе анасының меншігі деп қабылдаған. Осы дүниеге менің ешқандай қатысым жоқ деп ойлайды. Сондықтан әр отбасында алдымен балаға жауапкершілік жүктеу қажет. Мысалы, анасы дүкенде зат сатса, баласы арасында соған көмектесіп тұрса немесе анасының бүкіл жасаған тірлігіне араласып жүрсе, бала өзін сол үйдің мүшесі сезінеді. Сонда ғана бала сол үйдің бүкіл дүниесі оған да тиесілі екенін ұғып, қамқорлық танытады. Ақшаның қадірін түсінеді.

Балқия БАЛТАБАЙ,
психолог:

АҚШАНЫҢ ҚҰЛЫ БОЛМА!

Ақша қажеттілік деп ойлап, көп адам оның құндылығын өзінен де жоғарылатып тастаған. Осындай кезде біз ақшаның құлы болып, ақша бізді басқара бастайды. Өрине, ақша керек емес деп ешкім айта алмайды. Бірақ ақшаға керектің сатып алатын құрал ретінде қарасак, бәрі басқаша болар еді. Егер адам байлығысы келсе, мидағы ақшаға қатысты образды өзгерткені жөн. Есіңізде болсын, не нәрсеге қандай атау бересіз, ол сізге солай қызмет етеді. Егер мида ақша жаман, ол адамды бұзады, күнәға батырады, Алладан алыстатады деген түсінік болса, ақша сізге келген кезде сол атауға қызмет етеді. Ризықтың бәрі Алланикі, менің тағдырыма жазылған байлық өзі келеді деп ойласак, Жаратқанның күдіретіне шек келтірмесек, түсінігімізді өзгертсек, ақша да оңай келеді. Бұл тақырыпта өте көп дүние айтуға болады. Егер қаржылық сауаттылыққа қатысты айтар болсак, әр адам ең алдымен өзінің ақшаға деген көзқарасын түзесе, балаларын да солай тәрбиелейді.

Бүгінде мамандардың біразы балаларға қаржылық сауаттылықты мектепте үйрету керек деген пікірді қолдап жүр. Әлем елдерінің тәжірибесіне сүйенсек, Ұлыбританияда, Еуропа елдерінде және АҚШ-та, Жапонияда мектепте қосымша сабақ немесе негізгі пән ретінде қаржылық сауаттылық, кәсіпкерлік сабақтары өткізіледі екен. Біздің елімізде де кейбір мектептерде қаржылық сауаттылық сабағы факультатив түрінде пилоттық жоба ретінде енгізілді.

● ТҮЙІН:

Баланы ерте жастан кәсіпке баулу қажет екенін ата-бабаларымыз ежелден ескерткен. Кешегі Алаш қайраткерлері де, ұлы Абай да баланы мал табуға, тірлік істеуге үйретудің қамын ойлаған абзал екенін жазды. Ал белгілі бизнесмен Роберт Кийосакки «Богатый папа, бедный папа» атты бестселлерінде баланың болашағы дұрыс тәрбие мен білімде ғана емес, ақшаны бала жастан қалай жарата білгендігінде деп жазған. Өйткені, қоғамның деңгейі немесе ата-анасының байлығы жайлы баланың түсінігі күнделікті қажеттілігіне деп берген ақшаның мөлшеріне қарап қалыптасады екен. Ал сіз қалай ойлайсыз оқырман?



ӨМІРДІҢ ӨЗІ

ШӘЙ САТАТЫН КЕЛІНШЕК

Кез келген адамның абыройға еңбекпен жететіні белгілі. Бұл арада мәселе мансабының жоғары болғанында емес, еткен еңбегінің адалдығында. Содан да болар, автокөлікке қажетті қосалқы бөлшектер сататын базардың сатушылары да, сатып алушылар да Гүлшатты тегіс таниды. Анадайдан алдымен арбасы, сосын өзі көрінетін шәй сататын келіншекті тұрақты клиенттері күтіп алып, шығарып салып жатады. Сонда осы Гүлшат деген кім еді дейсіз ғой.



Рая
ЕСКЕНДІР

Ол базардың басшысы немесе есепшісі, тіпті толып жатқан лауазымды қызметтің бірінің де иесі емес. Бар болғаны таңнан кешке дейін шәй сатып, нәпақасын айырып жүрген көп қазақ әйелдерінің бірі. Гүлшаттың керек десеңіз, алып базарда белін жазып, демалып отыратын орны да жоқ. Жаз бойы базардағылар Гүлшаттың шәймен шөлін басса, қыста бойын жылытады. Еңбеккер келіншек үлкен арбасын толтырып алып, бүкіл базарды аралап шығам дегенше, түс ауып, кеш батады. Осылайша төңірегіндегілердің алғысына бөленіп жүрген еңбеккер Гүлшатқа көрсетілетін құрмет базар басшысынан артық болмаса, еш кем емес.

Гүлшаттың отбасы осыдан үш-төрт жыл бұрын ауылдан қалаға көшіп келген еді. Бірден мұнда орнығып, үйренісіп кету де оңайға түспеді. Әсіресе, баспана табу мәселесі қиынның-қиыны екен. Жекеменшік үйлерді жағалап, пәтер іздеген күндерін қалай ұмытсын? Үш баласының бар екенін көргенде үй иелері бірден бастарын шайқап, жолатқылары келмейді. Осы базардың маңайына түнеп қалған да кездері болған. Ондайда балаларының «ауылға қайтайықшы, бізге қала керек емес» деп талай жылағаны есінде. Кім ойлаған үлкен қаладан пәтер тауып, қоныстанудың оңайға түспейтінін. Ақырында, бір кішкентай бұрышты тапты-ау. Бұларға үй иесімен тұратын ескі үйдің бір бөлмесі бұйырды.

Көп ұзамай Гүлшат базарға шығып, шәй сатуды кәсіпке айналдырса, күйеуі Нұрлан дөңгелек ауыстырушының көмекшісі болып шыға келді. Бұрын базарда оны-мұны сатып жүргендерді көргенде іштей «осыдан бірдеңе түсер деймісін» деуші еді. Қарап отырса, тиыннан теңге құралады екен. Алғашқы күні-ақ әжептеуір тиын-тебен жасап, сауданың дөмін алды. Түскен ақшаға көтерме сауда базарына барып, екі қорап шәй, қою сүт, кофе, бір реттік пластмасса ыдыстар, қасық, сулық сияқты қажетті майлықтарды сатып алды. Үйдегі балақайларына тәтті-ләтті алуды да ұмытқан жоқ. Осылайша айы оңынан туып, шаруасы дөңгелене бастаған тұста үй иесінің «үйді босатындар, баспанамды сатам» дегені бар емес



пе? Шаһарлы жерде туысы түгіл, танысы жоқ жас отбасының басына бұлт үйірлі. Кімге барып көмек сұрасын. Айналасы үш айдың ішінде бұл баспанаға да үйреніп қалыпты. «Жазған құлда шаршау жоқ» демекші, ақыры туған үйінен кетіп бара жатқандай қимастықпен қоштасып, екі-үш түйіншегін арбасына танып, баспана іздеуге шығады. Дегенмен, қақсоқпен ісі жоқ, адал еңбекпен күн көріп жүрген ерлі-зайыптыларға Тәңірдің өзі қолұшын бергісі келді ме, тосыннан баспананың табыла кеткені. Осы базарда көлікке қажетті темір тетіктерін сататын Мұхтар есімді ел ағасы Гүлшаттың көңілсіз түрін көріп, жөн сұраса кетті.

— Мына балаларды неге үйіңе қалдырып кетпейсің? Базарда сапырылысқан халық, бірі болмаса бірі қағып кетуі әбден мүмкін ғой. Жазым деген аяқастынан, темір-терсек түсіп кетсе қайтесің, — деп жанашырлық танытады. Екі күннен кейін Мұхтар ағасы Гүлшаттың қолына баспана кілтін ұсынып, алыстау болса да паналай тұруға кеңес береді. Сол күні-ақ Нұрлан мен Гүлшат иесіз үйді аластап, іші-сыртын ақтап, кіріп алады. «Өз үйім — өлең төсегім» деген осы шығар. Екі бөлменің іші шаттыққа толып шыға келді.

Қазір Гүлшаттың отбасынан бақытты ешкім жоқ шығар. Ерлі-зайыптының ескі болса да, көлігі бар. Ең бастысы, екеуінің де нәпақа тауып отырған жұмысы бар. Күнде жұмыс-

қа асыққан Гүлшат үш термосты ыстық суға толтырып алады. Қанты, тәтті тоқашы тағы бар. Сосын түске қарай үйіне бір соғып, балаларын тамақтандырып қайта кетеді. Соңғы кездері базардағы асхана меңгерушісімен келісіп, ыстық суды сол жақтан алатын болған. Әрі сол асхана пісіретін бауырсақ, самса, бәліштерді қоса сатады. Өзінің де, асхананың да саудасын жүргізіп жүр. Осылайша Гүлшаттың қою күрең шәйі мен ыстық бәлішінен соң, базаршылардың да жұмысы дөңгеленіп жүре береді.

Гүлшаттың айтуынша, өзі көпбалалы отбасынан шыққан. Жолдасы да бір отбасының ортаншы ұлы екен. Осы жазда шағын жер телімін сатып алыпты. Сәтін салса, көктемде үй салу ойларында бар. Қазір екеулеп қаржы жинап жүрген сыңайлы. Ең бастысы, адал еңбекпен нанын тауып жүрген отбасының ұйқысы тыныш. Еңбек адамы осылай болса керек.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ӘУЕСҚОЙ БОКС

Азия чемпионаты – 21 жүлде: мақтаныш па, әлде алданыш па?

Көзбояушылық емес пе?

21 жерлесімізді жүлделі оралды деп бөрік аспанға атып жатқан боксүйер қауым көп. Дегенмен, мына бір статистиканы арифметикаға шағып көрген жанкүйерлердің аптығы бірден басылады деп ойлаймын. Азия чемпионатына әйелдерден бар болғаны 85 боксшы тіркелді. Бұл дегеніміз, әрбір салмаққа орта есеппен 7 боксшыдан деген сөз. Яғни жеребе жолдас болса, жүлдегер атану үшін шаршы алаңға бір рет шықсаң да жетіп жатыр. Кейбір салмақтарда расымен де солай болды.

Мәселен, жарыс жолын бірден жартылай финалдан бастаған 66 келідегі Мадина Нұршаева мен аса ауыр салмақтағы Ләззат Күнгебаева бірінші кездесулерінде-ақ жеңіліп қалған-дарына қарамастан Амманнан қоламен қайтты. Айтпақшы, 91+ келіде тіптен қызық жағдай орын алды. Чемпионатқа бар болғаны үш-ақ боксшы тіркеліпті. Ләззат жартылай финалда жеңілді. Ал турнир қожайыны Ислам Хусаили деген боксшы жеребе нәтижесінде бірден финалға шығып кетті. Финалда бірінші раундта-ақ дисквалификация алды. Дегенмен, еншісінде күміс медаль.

Азия чемпионатының өз деңгейінде өтпеуінің тағы бір себебі – Қытай боксшыларының кезекті рет қатыспауында. Негізі, биыл Қытай Азия ойындарын қабылдауы қажет болатын. Алайда, пандемияға байланысты кейінге шегерді. Нәтижесінде өздері де ешқайда шыға алмай қалды. Ал Қытайдың қыздары Азияда ғана емес, әлемде де мықтылардың қатарынан. Сондықтан Иорданиядан 3 алтын, 1 күміс, 5 қоламен оралған аруларымыздың Азия чемпионатындағы нәтижесіне мастанудың қажеті жоқ. Мұны ел боксының басшылары да түсінеді. Бапкерлер алқасы да жақсы біледі. Кімнің қандай кемшілігі бар, қай бағытта жұмысты жалғастыру қажеттігін сіз бен бізден де жақсы біліп отыр. Бармақтарын бүгіп, аста-төк той жасамай отырғандары да сондықтан.

Әлбетте, Азия аламынан алтынмен оралған Алуа Балқыбекованың, екі дүркін атанған Жайна Шекербекова мен қарсыластарын қоғадай жапырған Карина Ибрагимованың жетістіктерін жоққа шығармаймыз. Олар өз мықтылықтарын Әлем чемпионатында да мойындатқан.

Өзбек боксшылары несімен өктем?

Ерлер арасындағы финалдық айкастарда 13 салмақтың бесеуінде көрермен Қазақстан мен Өзбекстан текетіресін тамашалады. Біреуі ғана біздің боксшының жеңісімен аяқталды. 92 келіде Айбек Оралбай Мадияр Сайдрахимовтан мықты екенін көрсетті. Ал қалған төрт жекпе-жекте жеңілістің кермек дәмін татуға мәжбүр болдық. Әлбетте, қарсыластарымен тең дәрежеде айкасқандарына қарамастан

Иордания астанасы Амманда әуесқой бокстан екі аптаға созылған Азия чемпионаты мәресіне жетті. Қоржынға 6 алтын салған Қазақстан құрамасы жалпы есепте көш бастағанымен, ерлер арасында да, қыздар арасында да бар болғаны екінші орыннан көрінді. Жалпы, Амманға айкасқан 25 боксшымыздың 21-і жүлделі оралды. Бірақ біз күткен нәтиже осы ма? Қандай кемшіліктер бар? Төрешілермен қалай күресеміз? Әрі қарай не істеу қажет? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрсек.



57 келідегі Серік Теміржанов, 75 келідегі Нұрқанат Райыс және аса ауыр салмақ дәрежесіндегі Қамшыбек Қоңқабаев жеңіске жетерліктей мінез көрсете алмағанын мойындауымыз керек.

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ:

Ерлер арасында:

Алтын – Санжар Тәшкенбай (48 келі), Асланбек Шымбергенов (71 келі), Айбек Оралбай (92 келі).

Күміс – Сәкен Бибосынов (51 келі), Сабырхан Махмұд (54 келі), Серік Теміржанов (57 келі), Дулат Бекбауов (67 келі), Нұрқанат Райыс (75 келі), Қамшыбек Қоңқабаев (92+келі).

Қола – Саматәлі Төлтаев (60 келі), Нұрбек Оралбай (80 келі), Сағындық Тоғамбай (86 келі).

Әйелдер арасында:

Алтын – Алуа Балқыбекова (48 келі), Жайна Шекербекова (54 келі), Карина Ибрагимова (57 келі).

Күміс – Гүлсая Ержан (81 келі).

Қола – Назым Қызайбай (50 келі), Жазира Орақбаева (52 келі), Мадина Нұршаева (66 келі), Дариға Шәкімова (70 келі), Ләззат Күнгебаева (81+ келі).

Қанша дегенмен, финалда төрешілердің бүйрегі өзбек боксшыларына бұратынын жасыруға болмайды. Бұл әуесқой бокстағы бұрыннан келе жатқан дерт. Бірақ 51 келідегі Сәкен Бибосыновқа расымен де обал жасады. Бірінші раундта да, үшінші раундта да қарсыласын қыспаққа алып соққанына қарамастан төрешілер қалай болса солай жұдырықтасқан Хасанбой Дусматовты жеңімпаз деп таныды.

Сондай-ақ, төрешілердің кесірінен опық жеп қала жаздағандардың бірі – Асланбек Шымбергенов. Ұлттық құрама капитаны финалда шаршы алаң қожайыны Зеяд Ишаишпен кездесті. Бірінші раундта есеңгіретіп те жіберді. Алайда, Зеядтың лас боксын емес, Асланбектің алға созған қолын көре қалған рефери жерлесімізге ескерту жасады. Абырой болғанда, ұпай бойынша алда ұзап кеткен Шымбергеновті төрешілер де тоқтата алмады.

Жалпы, Олимпиада бағдарламасынан шет қалуды көксемесе, әуесқой боксқа үлкен революция қажет секілді. Әсіресе, төрешілік тұрғысында. Иә, қазір әртүрлі амалдардың қарастырылып жатқаны рас. Компьютерлік есеп дегенді де қолданып көрмекші. Қалай болған күнде де, әуесқой бокстағы төрелікте адами фактордан құтылатын кез жетті.

КӘСІПҚОЙ БОКС

ЖӘНІБЕКТІҢ ЖАҢА ЖЕҢІСІ

Бұрын жексенбі күні бір ғана боксшы қазақстандықтарды таңалакеуімнен оята алатын. Қазір екіншісі пайда болды. Жанкүйерлердің жексенбілік ұйқысын ашып жүрген – Жәнібек Әлімханұлы. Бірақ соңғы жерлесіміздің соңғы жекпе-жегі көңілден шығарлықтай болды ма?

Qazaq style деген лақап аты бар жерлесіміз Лас-Вегаста британиялық Дензел Бентлимен жұдырықтасты. Әу баста нокаутпен аяқталады деп күтілген айкас 12 раундқа созылды. Бентли де мықты екен. Бас кезінде қазақстандықтың соққысын әбден қабылдағанымен жекпе-жек белортасына жеткенше өзі де лайықты жауап бере бастады. Құламайтын қара батырдың көзі көгермек түгілі, қабағы да жарылған жоқ. Тіпті, жерлесіміз үшін уайымдап кеткен кезіміз де болды. Абырой болғанда соңғы раундта намысқа тырысқан Жәнібек күллі әлемге шаршы алаңда кімнің чемпион екенін көрсетті.

Қапталдағы төрешілердің хаттамаларында 116:112, 116:112, 118:110 есептері тіркелді. Әлбетте, жанкүйерлер мен Жәнібектің әр қадамын аңдып отырған қарсыластары мен сарапшылардың күткені бұл емес еді. Басым бөлігі нокаутты күтті. Сондықтан шығар, жекпе-жектең кейін кейбіреуі сынап та алды. Тіпті, Әлімханұлы «белбеуді пошта арқылы алған чемпион» деп те кекетті...

Ешкімнің аузына қақпақ бола алмайсың ғой. Оның үстіне, жерлесіміздің чемпиондық белбеуді төбелессіз алғаны да рас. Бұрын Деметриус Андрадеге тиесілі болатын. Алайда, америкалық боксшы Жәнібекке қарсы шаршы алаңға шығудан бас тартып, белбеуін қолдан бере салды. Ал Qazaq style ешкімнен қашқан жоқ. Жекпе-жекке бәрін шақырды. Ұсынысты қабылдаған Дензел Бентли ғана. Иә, құламады. Иә, құлата алмады. Бірақ бұл ештеңені өзгертпейді ғой. Әлімханұлы – бәрібір чемпион. Алда оны бұдан да үлкен айкастар күтіп тұр.

Қазақта «пышақты пышаққа қайраған сайын өткір болады» деген сөз бар. Бентли сынды темір боксшымен жұдырықтасып, оны жеңген жерлесіміз алдағы жекпе-жектеріне бұдан да мықты болып шығуы тиіс. Шаршы алаңдағы кемшілігін өзі де байқаған шығар. Сараптайтын да болар.

– 12 раунд жұдырықтастық. Жанкүйерлер үшін қарсыласымды бірінші раундта-ақ құлатқаным жақсы болар еді. Алайда, мен үшін оның құламағаны әлдеқайда тиімді. Тәжірибе әр раунд сайын жинақтала береді. Бұл да келесі жекпе-жектерім үшін пайдалы болады, – деді айкастан кейін Жәнібектің өзі.

Расымен де, бір жағынан жекпе-жектің ерте аяқталмағаны жақсы болды. Бұрын Жәнібек потенциалды қарсыластарына алдына келгенін сұлатып тастайтын дино бейнесінде көрінсе, соңғы жекпе-жектен кейін оның да өз кемшілігі бар, өздері секілді екі қол, екі аяғы бар адам екендігіне көз жеткізді. Qazaq style десе алыстан қашатын Деметриус Андраде, Джермалл Чарло сынды боксшылар енді өздері-ақ ақырындап жақындай бастайды. Иә, WBO тұжырымы бойынша орта салмақтағы чемпиондық атағын қорғап қалған Әлімханұлының ендігі мақсаты Чарло болуы тиіс. Өйткені, WBC белбеуі осы батырда. Қалған үшеуі Геннадий Головкиннің үйінде тұр.

Айтпақшы, жекпе-жектердің статистикасымен айналысатын CompuBox Ж.Әлімханұлы мен Бентлидің де соққыларын санап шығыпты. Біздің боксшы 535 рет жұдырық сілтесе, қарсыласы 615 рет сілтепті. Бірақ британиялықтың бар болғаны 159 соққысы ғана өткен, ал Жәнібек 187 соққысын дарыта алған.

Әлбетте, кәсіпқой бокста бар болғаны 13 жекпе-жек өткізген Жәнібек үшін бәрі алда. Бірақ соңғы айкас әлемді мойындату үшін әлі де ұзақ дайындықтың қажет екендігін көрсетті.

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

КЛАССИКТЕР МЫСЫРДА МЫҚТЫ БОЛДЫ

Египеттің Александрия қаласында грек-рим күресінен Олимпиада чемпионы Ибраһим Мұстафаны еске алуға арналған халықаралық турнир аяқталды. Қазақстан құрамасы 5 алтын, 4 күміс, 7 қоламен жалпы есепте 1-орынды иемденді.

Айта кетейік, 33 жылдық тарихы бар бұл турнирге қазақ балуандары бірінші рет қатысты. Бас бапкер Серік Жұмашев бастаған құрамамыз әр салмақта атой салып, бозкілем иелерін де артта қалдырды. Мысыр балуандары екінші орынды иемденсе, үшінші сатыға Ирак құрамасы жайғасты.

Жалпы, Қазақстан құрамасы бұл турнирге кіл мықтыларын апарды. Сондықтан болар, кейбір салмақтарда тіпті екі қазақстандық кездесіп қалып жатты.

Қазақстан құрамасының нәтижелері:

Алтын – Дастан Зарлыханов (63 келі), Сұлтан Әсетұлы (67 келі), Демеу Жадыраев (77 келі), Мирас Баршылықов (82 келі), Антон Савенко (130 келі).

Күміс – Марлан Мұқашев (55 келі), Ернұр Фидахметов (60 келі), Ерасыл Нұрбосынов (72 келі), Мансұр Шадукаев (130 келі).

Қола – Ернар Фидахметов (60 келі), Дінмұхаммед Қошқар (67 келі), Абылайхан Әмзеев (72 келі), Данияр Қаленов (72 келі), Бақдәулет Азамат (87 келі), Юсуф Мадиев (97 келі), Жантас Нұрғали (97 келі).

**Бетті әзірлеген
Әзиз ЖҰМАДИЛ.**



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА
20% ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛУҒА МҮМКІНДІГІҢІЗ БАР!

Ол үшін 2022 жылғы 16 қарашада Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, №134 мекенжайында орналасқан «Қазпошта» акционерлік қоғамының филиалы «Алматы почта» мекемесінің операциялық залында өткізілетін «ЖАЗЫЛУШЫЛАР КҮНІНЕ» келіңіз.

2022 жылғы баспасөзге жазылу шаралары сағат 10.00-де басталады. Бұл күні 2022 жылғы «ALMATY AQSHAMY» газетіне жазылған тұлғалар үшін арнайы сыйлықтар ойнатылады.

КЕЛІҢІЗ! ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫП, ЖҮЛДЕГЕР АТАНЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, **ТАБЫСКЕР** болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2022 жылғы баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылғы бір жылғы жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегі (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») almaty.aqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2022 жылғы бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылғы толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.


Сыйлықтарды табыстау 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ



Құпия сөз арқылы кіріп жүрген



Гүлжанат СЕМБАЕВА

ИИМ Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің бөлімшелері Алматы қаласындағы ғимараттардың бірінде Сәтбаев көшесінің бойында жасырын ойынхана ұйымдастырған қылмыстық топты ұстау бойынша арнайы іс-шара өткізді.

Тыйым салынған ойын мекемесі қаланың Бостандық ауданындағы көпқабатты үйдің жер-төлесінде орналасқан. Ол жерге кіру тек құпия сөз арқылы болды. Арнайы іс-шара кезінде казинода 20-дан астам келушілер болған, олардың арасында 30 жылдық тәжірибесі бар ойыншылар да бар. Іс-шара нәтижесінде 20-дан астам ойын жабдығы, ірі көлемдегі ақша, келушілердің аты-жөні жазылған тізім, ақшаның кіріс-шығыс жазбалары бар құжаттама тәркіленді. Қылмыстық әрекеттен түскен кірістің шамамен сомасы күніне 5 миллион теңгеден асып отырған.

Аталған іс бойынша ҚР ҚК-нің 307-бабы 1-бөлігімен (Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру) қылмыстық іс тіркелді. Қазіргі уақытта казино несін анықтап, жауапкершілікке тарту бойынша жедел шаралар жүргізілуде.

СКРИНИНГ

Жаңа туған сәби де тексеруден өтеді

Бүгінде жаңа туған нәрестелерді де скринингтен өткізу жүйелі түрде жолға қойылған. Бұл туралы №2 қалалық перзентхана бас дәрігерінің орынбасары, акушер-гинеколог Қымбат Абдраимова егжей-тегжейлі әңгімелейді.



Нұржамал ӘЛШЕВА

Иә, сәби дүниеге келгеннен кейін перзентханада міндетті неонатальды скринингтен өтеді. Мұндай скрининг тек біздің елде ғана емес, басқа елдерде де жүргізіледі. Туа салып тексеруден өткізілетін себебі, балада фенилкетонурия, туа біткен гипотиреоз, муковисцидоз сияқты тұқым қуалайтын аурулардың бар-жоғын анықтау керек.

«Неонатальды скрининг тұқым қуалайтын әрі сирек кездесетін үш ауыр дертті анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде емдеуді мүмкіндігінше ертерек бастауға және аурудың ауыр белгілерінің дамуына дейін қолайлы сәтті жасауға мүмкіндік береді», – дейді Қымбат Абдраимова.

Фенилкетонурия (ФКУ) – тұқым қуалайтын өте ауыр кесел, онда аминқышқылдарының алма-

суының бұзылып, олар дене жасушаларында жиналады әрі мида зақымдайды. Дер шағында емделмеген ФКУ баланың ақыл-ойын өсірмейді, денесін құрыстырып, мінез-құлқында да, психикасында да бұзуы мүмкін. Ал туа біткен гипотиреоз – ең жиі кездесетін эндокриндік патология, іштен шалдығып туады. Сәбидің ақыл-ой кемістігіне әкеп соқтырады.

Неонатальды скрининг бағдарламасы ерте диагностикалауға және балаларға адекватты терапияны бастауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде гормондардың жетіспеушілігімен байланысты асқинуларды болдырмауға болады. Нәрестелер мен жас балалардағы гипотиреоздың белгілері жасы үлкен балалар мен ересектердегі белгілерден ерекше. Егер йод тапшылығы жүктіліктің ерте кезеңінде пайда болса, іштегі шарананың өсуі тежелуі мүмкін. Бет-әлпетінің дамуында да айтарлықтай өзгеріс-

тер көрініс табуы ықтимал. Ақыл-ойының дамуы да тежелмек. Гипотиреозы бар нәрестелердің көпшілігінде бастапқыда симптомдары немесе белгілері аз немесе мүлдем жоқ болуы мүмкін, әрі оны тек жаңа туған нәрестелерге жасалатын әдеттегі скрининг кезінде анықтайды.

Муковисцидоз – жасушадағы хлорид иондарының арнасы қызметін атқаратын ақуыз синтезіне жауап беретін геннің өзгеруінен (мутациядан) туындайтын тұқым қуалайтын ауру. Бұл арнаның қызметі бұзылғандықтан, өкпеде, ұйқы безінде және басқа органдарда шырыш және басқа да секрециялар өте қою және тұтқыр болады. Бұл өкпе тінін зақымдайтын өкпедегі созылмалы инфекцияның дамуына, ас қорытудың бұзылуына әкеледі. Өйткені, ұйқы безінің ферменттері ішекке кіре алмайды және басқа да клиникалық көріністер орын алады.

Осы аталған аурулар ерте анықталса, баланы емдеуге болады және оның толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік жасай аламыз. Скрининг бөбек дүниеге келгеннен кейін екінші күні перзентханада оның табанынан қан алу арқылы жүргізіледі. Шала туған нәрестелерде бұл процесс сәл кейінірек, дүниеге келгеннен кейін жетінші күні жүзеге асырылады. Егер әйел мерзімінен бұрын немесе үйінде босанып қалған жағдайда талдау тұрғылықты жері бойынша емханада жүргізіледі.

«Егер қан тапсырғаннан кейін сізге қосымша ақпарат берілмесе, бұл сәбиңіздің бойында жоғарыда аталған ауыр кеселдердің жоқтығын білдіреді. Демек, еш алаңдаудың керегі жоқ. Егер тексеру нәтижесінде аталған аурулардың кем дегенде біреуінің бар-жоғына күдік туындаса, сізді одан әрі тексеруге шақырады», – деп атап өтті дәрігер.

Маманның айтуынша, тіпті скринингтік талдаудың «оң» болуының өзі аурудың бар екенін білдірмейді, бірақ балаға қосымша тексеру тағайындалады.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСҚАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almaty.aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Өфсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

КІТАП ПАЛАТАСЫ

Екі ел арасындағы мәдени байланыс



ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының Мәдени өкілі Маджид Алигар мырза арнайы қонақ болды. Ол өз кезегінде еліміздегі іргелі мекеме Кітап палатасының жұмыс барысына, жалпы Қазақстанның қазіргі таңдағы кітап нарығына қызығушылық танытты.

ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов мекеменің негізгі бағыты, осы тұрғыда атқарылатын істер турасында мейманға кеңінен әңгімелеп берді.

Кездесу барысында Маджид Алигар мырза дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан Тегеран халықаралық кітап көрмесіне қатысу мәселесін де сөз етті. Мұндай көрмелерге қатысу екі ел арасындағы мәдени байланыстың нығаюына тікелей әсер етеді деген ол: «Келешекте Иранның рухани әлеміндегі кітаптарды тікелей қазақ тіліне аударуға қызығушылығымыз көп», – деді.

Сондай-ақ, Маджид Алигар мырза қарашаның 23–25 аралығында Алматы қаласында өтетін «Ұлы жібек жолы» халықаралық көрмесіне Бас консулдық атынан қатысуға ниетті екендерін жеткізді.

Қуанса, бала қуансын!



Балалар жылы 2022

Биыл қалалық әкімшіліктің Балалар жылына жасаған тартуы зор болды. Медеу ауданының «Самал-2» ықшамауданында орналасқан байырғы №116 бөбекжай-балабақшаның ғимаратына күрделі жөндеу жасалып, бүлдіршіндердің игілігіне беріліп отыр.



Рая ЕСКЕНДІР



Аталмыш №116 бөбекжай-балабақша 1991 жылы ашылған, Тәуелсіздікпен түйдей құрдас. Осынау отыз жылдан астам уақыт ішінде балабақшаға бірде-бір күрделі жөндеу жұмысы жасалмаған екен. Сондықтан екі жылға созылған күрделі жөндеуден соң, жаңадан салынған құрылыс сияқты жарқырап шыға келді.

Оның үстіне екі қабатты балабақша нысанына тағы да бір қосымша қабат пен жапсарма ғимарат жалғасып, жаңадан екі топ ашылды. Жаңа талапқа сай төтенше жағдай орын ала қалған жағдайда сыртқа шығып үлгеретін қосымша қауіпсіздік баспалдақтары да салынды.

Осылайша жаңа балабақша ғимараты барлық талапқа сай, қауіпсіздік шаралары да толығымен қамтылып отыр. Ғимараттың іші мен сыртқы ауласына бірнеше бейнебақылау орнатылған. Балабақша іші жаңа жиһаз бен төсек-орын, интербелсенді такталар, жаңа компьютерлер мен оқу әдістемелік құралдарымен толық жабдықталған. №116 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Альмира Бектұрғанқызы биыл 50 бүлдіршінің орынмен қамтылғанын, яғни 145 бүлдіршіге арналған балабақшаның 190 баланы қабылдап отырғанын қуана жеткізді.

Жаңа балабақша ерекшелігі бар балақайларды да орынмен қамтып отырған көрінеді. Сонымен, бүлдіршіндер мектепке дейінгі біліммен толық қамтылып, музыка, спорт, еңбекке баулу сияқты пәндерді де игеріп жатыр. Күрделі жөндеуден кейін денешынықтыру залы, логопед, дефектолог, психолог, оқшаулау, екпе егу бөлмелері ашылды. Сыйымдылығы артқан балабақшада орын тапшылығы сәл де болса азайған сыңайлы.



ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА

Монеталарда мән бар

Соңғы уақыттарда елімізде коллекциялық монеталардың жиі шығатынын байқап жүрміз. Олар тарихи-мәдени құндылығы бар мерейтойлық күндерге, тарихи тұлғаларға, маңызды оқиғаларға шығарылады. Алайда, саны шектеулі. Себебі, олар бағалы. Ерекше металдардан жасалады. Дизайны да өзгеше.



Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай 2020 жылы қыркүйекте коллекциялық монета сатылымға шығарылған. Монеталардың сырт жағында Абай Құнанбаевтың мүсіндік портрет бейнесі түрлі-түсті бейнелеу технологиясын қолдана отырып орындалған. Портреттің оң жағында – қазақтың киіз үйі декоры түріндегі ою-өрнек таспасы салынған. Номиналы 500 теңгелік монета күмістен соғылса, 100 теңгелік мельхиор және нейзильбер қоспасынан жасалған. Айналымға күмістен жасалған номиналы 500 теңгелік ақшаның 1500 данасы дайындалды. 100 теңгеліктердің мельхиор қоспасынан 8000 дана, нейзильбер қоспасынан 7500 дана шығарылған.



Сондай-ақ, ақын Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай Ұлттық банк номиналы 100 теңгелік JAMBYL. 175 JYL коллекциялық монетасын айналымға шығарды. Монетаның реверсінде Жамбыл Жабаевтың портреттік бейнесі, орталығында «Артықша туған азамат» өлеңінің бірнеше жолы орналас-тырылған. Оң жағында ою-өрнек үзінділерінен жасалған домбыра контурының айшықты бейнесі мен мерейтой датасын білдіретін «175 JYL» жазуы орналасқан. Монета 25 мельхиор қоспасынан, номиналы 100 теңгелік, массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы brilliant uncirculated, таралымы 15 000 дана болып дайындалған.



Бытыр елімізде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған TAYELSIZ QAZAQSTANGA 30 JYL коллекциялық номиналдары 5000 және 500 теңгелік күмістен және номиналы 100 теңгелік мельхиордан жасалған монеталарды сатылымға шығарды. Дизайны біртуар тарихи тұлғалардың портреттік бейнелері орналастырылған Тәуелсіз Қазақстанның 1993 жылғы үлгідегі банкноттарының бірінші сериясымен символдық байланысын көрсетеді. Композиция визуалды портреттік қатарды аяқтап, мемлекет тарихындағы мерейтойлық кезеңді логикалық түрде білдіреді. Күмістен жасалған монеталар мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ҚҰБ-тың нөмірлік сапа сертификаттары бар кәдесый орамында шығарылды.



2021 жылдың 30 қарашасынан бастап «Дала қазынасы» сериясымен шыққан JETI QAZYNA коллекциялық монеталары сатылымға шықты. Алтыннан, күмістен және мельхиордан дайындалған коллекциялық монеталары барлық жеті дала қазынасының көркем бейнесін бір монетада көрсетеді. Техникалық сипаттамалары жағынан олар номиналы 100 теңгелік монеталарға ұқсас. Оларда «Ер жігіт», «Сұлу әйел», «Ақыл-білім» «Жүйрік ат», «Құмай тазы», «Қыран бүркіт», «Берен мылтық» бейнеленген.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ҮЗДІКТЕР

«Жас Ұланның» қатары артты

Балалар жылына орай қала мектептеріндегі «Жас Ұлан» ұйымы үздіктерінің де қатары арта түсуде. Қазіргі таңда олар қаламыздағы Оқушылар сарайында жиі бас қосып, өз мүмкіндіктерін шыңдау үстінде.



Мәселен, пәндік олимпиадалар, ән, күй, би мен спорттан жарысқа түскен «жасұландықтар» өздерінің сан қырлы екендіктерін танытып жатыр. Әсіресе, олардың қолөнерге деген қызығушылықтары тым ерекше. – «Жас Ұлан» ұйымының үздіктері биылғы Балалар жылын ерекше өткізіп жатыр. Менің бір қуанғаным, олардың дәстүрлі өнерді жаңғыртып, қолөнерімен шұғылдануға ыждағаттылық танытып жатқаны. Олар осынау көне өнерді жаңғыртып, оған жан бітіргісі келеді. Ерекше

қызығушылық танытып жатқан балалар өте көп. Жаңа достар тауып, өздерінің мақсат-мұраттарын бірге қанаттандырып жатқан балаларға қарап, көңіл сүйсінеді. Оқуда да, қоғамдық жұмыстарда да белсенді оқушылар уақыттарын босқа өткізбейтіндіктерін танытты. Озат оқушы қай салада да озат емес пе, – дейді Оқушылар сарайының директоры Айгүл Болатбекқызы.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.